

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Заң институты
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы**

Бекітемін
Академия бастығының
оқу ісі жөніндегі орынбасары
з.ғ.д., профессор
полиция полковнигі
_____ **З.С. Тоқыбаев**
« ____ » _____ **2018 ж.**

Пән бойынша жұмыстық оқу бағдарламасы (SYLLABUS)

LKM 1108 «Ойлаудың логикалық мәдениеті»

мамандығы 5В030300-«Құқық қорғау қызметі»

оқыту нысаны: күндізгі
курс: 1
семестр: 2
кредит саны: 1
дәріс: 7 с.
семинар: 8 с.
тәжірибелік сабақтар: -
ҚОӨЖ: 15 с.
КӨЖ: 15 с.
Курстық жұмыс: -
Емтихан: 2 семестр

Қарағанды 2018

«Ойлаудың логикалық мәдениеті» пәні бойынша 5B030300-«Құқық қорғау қызметі» мамандыққа арналған жұмыстық оқу бағдарламасы (SYLLABUS), 59 б.

Құрастырғандар: жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі Құлынтай Монай.

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының отырысында қарастырылды
« ____ » _____ 2018 ж., № ____ хаттама.

Жалпы білім беретін пәндер
кафедрасының бастығы
полиция полковнигі

Х.К. Уразбаев

Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ОӘК отырысында
бекітілді

« ____ » _____ 2018 ж., № ____ хаттама.

2.1 Негізгі ақпарат:

1. Шифр және мамандық атауы	5B030300-«Құқық қорғау қызметі»
2. Курс, семестр	1 курс, 2 семестр
3. Пән циклы	ЖББП
4. Кредит саны	1
5. Сабақ өткізу орны	кесте бойынша
6. Дәріскер (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Қ. Монай, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, г.ғ.м. тел. 30-33-82, ішкі тел. 3-41, smailov_kulyntai@mail.ru
7. Қалған сабақ түрлерін жүргізетін оқытушылар (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Қ. Монай, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, г.ғ.м. тел. 30-33-82, ішкі тел. 3-41, smailov_kulyntai@mail.ru

2.2 Пререквизиттер: Қазақстан тарихы. Философия.

2.3 Постреквизиттер: Ғылым тарихы мен философиясы, Қылмыстық процессте дәлелдеу, Криминология.

2.4 Пәнді қысқаша сипаттау: Бұл пән логикалық және тарихилық диалектикасының принципіне негізделеді. Курсанттарға дұрыс ойлаудың заңдары мен формаларын терең түсіндіреді. Ойлаудың логикалық мәдениеті пәні жалпы алғанда дұрыс ойлауды қалыптастырады.

Курстың мақсаты: Оқу пәні ретінде ойлаудың логикалық мәдениеті пәнін оқытудың басты мақсаты – мәдениетті ойлауды қалыптастыру, негізгі тәсілдер мен дұрыс ойлау әдісін игеру.

Мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін курстық міндеттері:

- ойлаудың негізгі формаларының сараптамасы, олардың логикалық құрылымы;
- түрлері мен тәртібін оқытуда әртүрлі сараптама жасау;
- ойлау заңының негізгі және негізсіз бен қателікті, оларды бұзылуында оқыту;

- тәжірибелік логиканы оқыту.

Курсант білуге міндетті:

- логиканың негізгі даму кезеңдері мен тарихи қалыптасуын;
- логиканың негізгі заңы;
- тәжірибелік логиканы оқуды;
- дәлелдеу мен дәлелдің негізгі ережесі;
- дұрыс пікірлердің негізгі логикалық ережелері.

Курсант білуі керек:

- түсінікті, нақты, анық және бірізділікті ойлау білу керек;
- өзінің пікірінде қарама-қайшылықты жібермеу;

- логикалық қателіктерді ашуды;
- өзінің пікірін дәлелдемелік түрде негіздеуді, өзінің қарсыластарының негізсіз пікірін жоққа шығаруды;
- өзіне дұрыс сұрақ қоя білуді және қойылған сұрақтарға дұрыс жауап бере алуды; гипотезаны (нұсқаны) дұрыс құра білуді;
- дұрыс шешім қабылдай білу керек, конфликт туғызбау керек немесе оның құрылуын жібермеу керек;
- пікірталасты жүргізу, ауызша және жазбаша тілде логикалық кезектілікті сақтау керек.

2.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны және мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер тізіміне сілтеме	Орындау мерзімі	Бақылау түрі	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Семинар сабағында ауызша жауап беру және баяндама жасау	Семинар сабақтарының жоспарына сәйкес	Семинар сабақтарына дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Курсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Күнділікті тексеру, семинар сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары 100 % дейін бағаланады	Ағымдық бақылау (семинар сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары бағаланады)	Семинар сабақтары мен КӨЖ сабақтарының сабақ кестесі және оқу жоспарына сәйкес
2	КӨЖ сабағында ауызша жауап беру және баяндама жасау	КӨЖ сабақтарының жоспарына сәйкес	КӨЖ сабақтарына дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Курсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Күнділікті тексеру, семинар ж/е КӨЖ сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары 100 % дейін бағаланады	Ағымдық бақылау (семинар және КӨЖ сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары бағаланады)	Семинар сабақтары мен КӨЖ сабақтарының сабақ кестесі және оқу жоспарына сәйкес
3	Межелік бақылауға дайындық	сабақтарының жоспарына сәйкес	сабақтарға дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Курсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Тестілеу немесе Коллоквиум (100% дейін)	Межелік бақылау	семестрдің 7 және 14 аптасы
4	Реферат, эссе жазу, слайд-проектке дайындау	КӨЖ сабақтарының жоспарына сәйкес	КӨЖ сабақтарына дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Курсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Тестілеу немесе Реферат қорғау (100% дейін)	Үй жұмысы/ КӨЖ тексеру	Семинар сабақтары мен КӨЖ сабақтарының сабақ кестесі және оқу жоспарына сәйкес
5	Емтиханға дайындық	Курсанттардың пән бойынша	Негізгі және қосымша	Барлық оқу процесі аралығында-	Қорытынды бақылау	Қорытынды	Курс аяқталғаннан кейін

		қортынды білімдерін тексеру	әдебиеттердің тізімімен сәйкестігі	ғы дайындық			емтихан кестесімен сәйкестігі
--	--	-----------------------------	------------------------------------	-------------	--	--	-------------------------------

2.6. Курс саясаты

Оқу процесінде курсанттарға қойылатын негізгі талаптар оқу курсының мақсаттары мен міндеттерінен шығады. Оқу уақытында белсенділік көрсету үшін курсант осы пәнді меңгеруге және топтың үлгеріміне ықпал етуі керек; бірігіп оқудың субъектісі, белсенділік пен жауапкершіліктің иесі болуға тиіс.

- Барлық тапсырмалар уақытында орындалуы керек;
- Сабаққа курсанттар дайындалып келуге тиісті;
- Қойылған сұрақтарға, проблемаларға шығармашылық тұрғысынан жауап беруге тырысуы керек;
- Курсант дәрістік және семинарлық сабақтарға міндетті түрде қатысуы керек;
- Міндетті түрде қатысатын сабақтары курсанттардың рейтингісіне әсер етеді;
- Сабаққа кешігуге болмайды;
- Сабақ кезінде бос әңгіме, газет-журнал болмауы керек;
- ұялы телефонды тоқтату қажет; сағыз шайнау секілді өрескел әдеттерден құтылу қажет;
- Сабаққа себепсіз келмей қалуды тоқтату керек;
- Сабақ барысында шығармашылық белсенділік көрсетуге тырысу керек;
- Үй жұмысын ұқыпты орындаған жөн;

2.7. Ұсынылған әдебиеттер тізімі

№ № р/н	Автор, атауы	Жылы, басылым орны
1. Нормативтік құқықтық актілер		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы.	Алматы, 2008.
2. Негізгі әдебиеттер		
2	Т.Ғ. Ғабитов. Логика	Алматы, Атамұра, 2012.
3	Т. Ысқақова. Логика	Алматы, 2011.
4	Ө. Тұрғанбаев. Логика	Алматы, 2011.
5	Б. Иманқұл. Логика	Астана, Л.Н. Гумулев атындағы ЕҰУ
6	О. Айтбаев. Логика.	Алматы, 1994.
7	О. Айтбаев. Логикалық жаттығу жинағы.	Қарағанда, 1999.
8	С.Б. Бөлекбаев Т.Х. Ғабитов. Логика.	Алматы, 1997.
3. Қосымша әдебиеттер		
9	Ө.Х. Тұрғынбаев, Т. Есімханов, Д. Раев. Логика.	Алматы, 1996.
10	Логикалық сөздік:	М.: ДЕФОРТ.1994.
11	Н.Н. Иманқұл. Ойлау туралы ойлау.	Алматы, 2002.
12	А.Х. Қасымжанов, А.Ж. Келбұғанов. Ойлау мәдениеті.	Алматы, 1986.
13	Е.А. Шаханов. Логика пәнінің семинар сабақтарына арналған оқу құралы.	Алматы, 1992.
14	А.А. Иван. Дұрыс ойлау - өнер.	Алматы, 1991.
15	Әл-Фараби. Логикалық трактаты.	Алматы, 1975.

16	Л.Б. Бажено. Гипотеза теориясының негізгі сұрақтары.	Мәскеу, 1961.
17	Формальді логика.	Алматы: Өлке, 1994
18	Е.К. Войшвилло. Ұғым.	Мәскеу, 1987.
19	Логика және риторика: Хрестоматия.	Минск, 1997.
4. Мерзімді баспа әдебиетінің тізімі		
20	Философия сұрақтары	
21	Философиялық ғылымдар	
22	Тұлға. Мәдениет. Қоғам.	
23	Адам әлемі – Мир человека	
5. Электронды оқу-әдістемелік құралдардың тізімі		
24	Т.Х. Ғабитов., Философия: электронды оқу құралы	
25	С.Т. Әденов, А.Х. Хожамқұл, Ф.К. Котошева, А.Н. Кудерина. Философия: электронды оқу құралы	
6. Ғаламтор көздері		
26	www.ihik.lib.ru	
27	www.librari.ru	
28	www.bibliotek.ru	
29	www.caute.net.ru	

2.8. Пән бойынша сабақ жүргізудің тақырыптық жоспары

№	Тақырып атауы	Барлығы	Дәріс	Семинар-лық	КӨЖ	КӨЖ	Бақылау нысаны
1	Логика ойлаудың заңдары мен формасы туралы ғылым ретінде	4	1		1	1	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
2.1	Ұғым	4	1	1	1	1	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
2.2	Ұғымдармен логикалық қатынастар	2			1	1	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
2.3	Ұғымдар арасындағы қатынастар	3		1	1	1	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
3.1	Пікір	4	1	1	1	1	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
3.2	Күрделі пікір	2			1	1	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
4.1	Ойлаудың негізгі заңдары	4	1	1	1	1	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
4.2	Тепе-теңдік заңы және қайшылықсыздық заңы	2			1	1	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
4.3	Үшіншісі жоқ заңы және жеткілікті негіз заңы	2		1	1	1	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
5.1	Ойқорытынды	4	1		1	1	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
5.2	Дедукция	2		1	1	1	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас

5.3	Индукция	2		1	1	1	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
5.4	Аналогия	2		1	1	1	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
6	Дәлелдеу және бекерлеу	4	1		1	1	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
7	Гипотеза	4	1		1	1	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
Барлығы		45	7	8	15	15	

2.9. САБАҚ ЖОСПАРЫ

ДӘРІС САБАҚТАРЫ

Дәріс тақырыбы 1.

Логика ойлаудың заңдары мен формасы туралы ғылым ретінде

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары

1. Ойлаудың танымдағы рөлі.
2. Логикалық ойлау формасы туралы түсінік.
3. Логикалық заң туралы түсінік.

Дәріс тезистері:

Ойлаудың негізгі ерекшеліктерін қарастырайық:

Логика пәні адамның ойлау процесін зерттейді. Ойлау - алуан түрлі астары бар, аса күрделі процесс. Сондықтан оны логикамен қатар психология, физиология, философия сияқты ғылым салалары да зерттейді. Олай болса, логика ойлау процесін қалай зерттейді, оның қарастыратын пәні не деген орынды сұрақ туады.

Логика ойлау процесін ең алдымен дүниені танып - білудің нәтижесі, сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстардың ой-санада бейнеленуі деп қарап, сол бейнеленудің дұрыс формалары мен заңдарын ережелерін қарастырады. Логикаға төмендегідей анықтама беруге болады.

Логика дегеніміз – ойлауды дұрыс құрудың заңдары мен формалары, ережелері туралы философиялық ғылым. Логика ғылымының бұл жалпылама анықтамасының мәнін ашып көрсету үшін, ойлау процесі дегеніміз не, оның заңдары мен формаларының мәні неде екенін түсіну қажет.

1. Ойлау - шындықтың санада бейнеленуі.

Ойлау дегеніміз, ең алдымен, шындық дүниенің адам миында бейнеленуі болып табылады. Ол, біріншіден, дүние танудың нәтижесі болса, екіншіден, дүниені тереңірек, толығырақ танып – білудің құралы. Себебі,

заттар мен құбылыстардың сезім мүшелері арқылы танып-білуге болмайтын ішкі қасиеттерін, мәні мен сырын тек ақыл-ойға салып, ойқорытынды жасау арқылы ғана танып біле аламыз. Дүниені танып - білудің жолы - білмеуден білуге қарай, дәл емес, толымсыз білімнен дәл де толық білімге қарай өту жолы екені белгілі.

Таным процесі айналадағы шындық дүниені сезім мүшелері (көру, есту, иіс сезу, дәм сезу, сипап сезу) арқылы тікелей бейнелендіруден, сөйтіп нақты білім алудан басталады. Бұл **сезімдік таным** деп аталады. Адамды сыртқы дүниемен тікелей байланыстыратын бұл сезімдік таным шындық дүние жайындағы біздің біліміміздің қайнар көзі. Сезімдік таным үш негізгі формада іске асады. Олар: түйсік, қабылдау және елестету.

Түйсік дегеніміз - материалдық дүниедегі заттар мен нәрселердің сыртқы көрінісі, түсі, иісі; дәмі, түрі сияқты жеке-дара нақты белгілері мен қасиеттерін бейнелендіру. Ал нәрселерді белгілі бір сапа, қасиеттер бірлігі түрінде біртұтас зат ретінде бейнелендіру **қабылдау** деп аталады. Мәселен, терезе алдында өсіп тұрған алма ағашын көргенде, біз оны өз ойымызда басқа ағаштардан өзгеше, өзіндік белгілері бар нақты нәрсе ретінде бейнелендірсек, бұл қабылдау болып табылады. Сезімдік танымның жоғарғы формасы болып табылатын **елестету** - бұрын қабылданған, ал дәл қазір сезім мүшелерінің алдында жоқ нәрселердің көрнекі бейнесін қайта жаңғырту процесі. Мәселен, курсант аудиторияда отырып-ақ, ауылдағы анасының немесе әкесінің бейнесін көз алдына келтіре алады. Бұл да көрнекі бейне. Мұнда да жалпылау процесі жоқ.

Сезімдік танымның бұл үш формасы нәрселердің, сыртқы бейнесін ғана бейнелендіреді. Алайда адам мұндай көрнекі бейнемен, нақты біліммен ғана шектеле алмайды. Ол жеке көрнекі бейнелерді жалпылап, нәрселердің ішкі қасиеттерін, мәнін танып білуге, табиғат пен қоғамның заңдарын ашуға тырысады. Ал бұл абстрактілі ойлау арқылы ғана іске асады.

2. Абстрактілі ойлау дүние танудың екінші, жоғары сатысы болып табылады.

Сезімдік танымға қарағанда, ойлау дүниені тереңірек және толығырақ танып білуге мүмкіндік береді. Абстрактілі ойлау біртектес заттар мен құбылыстарға тән нақты, кездейсоқ және жеке-дара қасиет, белгілерді назардан тыс қалдыра отырып, олардың бәріне тән жалпы да мәнді белгілерін жинақтап, жалпылап бейнелендіреді. Егер адам заттардың көрнекі белгілерін сезім мүшелері арқылы бейнелендірумен қанағаттанып қана қойса, онда ол құбылыстар арасындағы себепті байланыстар мен тәуелділікті аша алмайды. Мәселен, күннің күркіреуі мен найзағай жарқылының арасындағы байланысты, күн мен айдың тұтылуы себептерін, көптеген қылмыстық істердің себептерін, т.б. аша алмас еді. «...- Экономикалық формаларға талдау жасағанда,- деп жазды К. Маркс, - ешқандай микроскопты, ешқандай химиялық реактивтерді қолдануға болмайды. Ол екеуінің орнын абстракцияның күші басуы тиіс».

Алайда, абстракциялы ойлауды- сезімдік танымнан мүлдем бөліп алып қарастыруға да болмайды. Ғылыми таным процесінде абстрактілі ойлау мен

сезімдік таным бөлінбес бірлікте жүріп отырады, өйткені ол екеуі біртұтас таным процеснің екі жағы болып табылады.

Ойлаудың маңызы қаншалықты зор болғанымен, ол сезім мүшелерінің көмегімен алынған мәліметтерге негізделеді. Сезімдік танымның нәтижесі логикалық танымға өтудің алғышарты болып табылады. Сезімдік танымның мәліметтеріне негізделген абстрактілі ойлау (логикалық таным) ғана ақиқат білім береді. Танымның бұл екі сатысының ажырамас бірлігін практика айқын көрсетеді, өйткені практика танымның әрі негізгі қозғаушы күші, әрі білімнің ақиқаттылығының өлшемі (критерийі) ретінде оның бүкіл өн бойында шешуші орын алады. Сонымен, абстрактілі ойлаудың негізгі ерекшеліктері мына төмендегідей.

3. Біріншіден, ойлау шындықты жинақталған түрде бейнелендіреді. Сезімдік танымға қарағанда, ойлау нәрселердің жеке жақтарын назардан тыс қалдырып, олардың бәріне тән жалпы, мәнді жақтарын жинақтайды. Мәселен, күн сайын толып жатқан адамдарды көреміз. Олардың жасы, жынысы, ұлты мен кәсібі алуан түрлі, біреулер ұзын бойлы, екіншілер қысқа бойлы, біреулердің шашы қара, екіншілерінің шашы сары, т.б. Олардың бәрін ойша салыстыра келгенде бәріне ортақ мынадай маңызды белгілерін - еңбекке, ойлауға және сөйлеуге қабілеттілігін бөліп алып жинақтап, адамның абстрактілі бейнесін жасаймыз да жеке адам жайындағы ұғымнан жалпы адам туралы ғылыми ұғымға көшеміз. Дәл осылайша жинақтау және абстракциялау жолымен «материя», «сана», «мемлекет», «құқық» сияқты толып жатқан ғылыми ұғымдар құрылады. Сөйтіп, абстрактілі ойлау жинақтаудың арқасында шындықты барынша тереңірек танып біледі.

Екіншіден, ойлау шындықты тікелей бейнелендіру емес, жанама бейнелендіру, яғни ойқорытындыларын жасау арқылы белгілі білімдерден жаңа білім қорытып шығару процесі болып табылады.

4. Ойлау мен тілдің бірлігі.

Ойлаудың үшінші ерекшелігі - оның тілмен тығыз байланыстылығында. Адамның миында қандай ой пайда болмасын, ол тілдік материалдың негізінде ғана туындап, іске асады. Адам өз ойын ауызша білдірсе де, жазбаша түрде білдірсе де, ойласа да, бәрі бір, өз ойын сөз немесе сөйлем түрінде құрады. Адамдар тілдің көмегімен өзінің ойлау қызметінің нәтижелерін тұжырымдап, бір-бірімен пікір алысып, өзара түсініседі.

Тіл – ойды білдіретін белгілер жүйесі. Сөйлеу тіліне қатысты кез келген сөз (мәселен, «ағаш», «өзен», «жануар», т.б.) ауызша дыбыстардың қосындысы немесе жазбаша таңбалардың жиынтығы ретінде өз бетінше ешбір мәнсіз; тек материалдық нәрселерге қолданғанда ғана олар мәнге ие болады. Тілдік белгі кез келген заттың, нәрсенің мазмұнын білдіретін болғандықтан ғана қатынас құралы рөлін атқарады. Мысалы, «үй» деген сөз сырт көрінісі жағынан қарағанда, екі дыбыстың ұштасуы ғана болғанымен, бірақ шындықта бар объективтік зат - үйдің бейнесін білдіретін ұғым болып табылады. Ал, географиялық картадағы шартты белгілердің рөлі мүлдем басқаша. Олар өздері көрсететін заттарға мүлдем ұқсас емес, солардың мәнді

белгілерін бейнелейтін ой да емес. Мәселен, математикалық белгілерді, қосу мен алу белгілерін алсақ та, дәл сол сияқты. Белгілі бір ғылым саласындағы ұғымдарды белгілеу үшін қолданылатын бұл шартты белгілердің ғылыми ой-пікірді дамытудағы рөлі орасан зор.

Ал сөйлеу тіліндегі сөз, сөйлемдердің белгі ретіндегі атқарар қызметі өзгеше. Олар адамдар арасында үздіксіз жан-жақты пікір алмасу, қарым-қатынас орнату қызметін атқарады. Өте көне заманда, адамзат қоғамы қалыптаса бастаған кезде, адамдарға өзара ұдайы хабарласып тұру үшін тұрақты дыбыстық белгілер жүйесі қажет болды, яғни «табиғи» тіл немесе сөйлеу тілінің қажеттігі туды. Бұл қажеттілік дамудың түрлі сатысында тұрған халықтардың бәрінде болды.

Тіл қоғамды еңбек процесінің негізінде ойлаумен бірге бір мезгілде туды. Адам тілінің қалыптасуы ойлаудың қалыптасуымен бірге аса ұзақ уақытқа созылды. Адамзаттың жүздеген ұрпақтарының тарихи даму барысында сөздер белгілі бір психикалық және логикалық мазмұнмен бірлікте айтылып, тиісті іс-әрекеттермен пысықталып, адамдардың қарым-қатынасын және мінез-құлқын реттеп отырды. Нәтижесінде тілдік белгілердің (сөздер мен сөйлемдердің) белгілі бір логикалық мазмұнымен біте қайнасып кеткені сонша, оларды бір-бірінен бөліп қарауға болмай қалды. Тілдік белгі (сөз) әр тілде әр түрлі болғанымен, олардың логикалық мән-мазмұны бірдей болатыны да соны көрсетеді. Мәселен, қазақ тіліндегі «ағаш» сөзі орыс тіліндегі «дерево», неміс тілінде «der baum», моңғол тілінде «мод», т.б. болып айтылғанымен, олардың бәрінің мазмұны логикалық бір ұғымды көрсететіндіктен ғана біз бір-бірімізді аударма арқылы болса да түсіне аламыз.

Белгілі бір тілге енетін кез келген белгінің өзіне тән заттық мәні болады, өйткені ол белгі өзі көрсететін ой объектісінің – заттың орнына жүреді.

Тілдік белгінің заттық мәні оның мазмұнымен, яғни қандай ойды білдіретінімен тығыз байланысты. Белгінің мәні жайында сөз болғанда, біз ол белгінің объекте (белгілі бір затқа) қатысын ғана ескермейміз, сондай-ақ ол объектінің белгілі бір қасиеттері жайында хабар беретінін де ескеруіміз керек. Ой нәрсені бейнелендіргенде, оның қайсыбір жақтарын (қасиеттерін) іріктеп алып көрсетеді. Белгіде (сөзде) бейнеленген белгілі бір мән оның семантикалық (мазмұндық) жағын құрады.

Белгілер, жоғарыда атап өткеніміздей, сондай-ақ адам мен адамның арасындағы қатынасқа да байланысты, яғни ол сөзді естіген адам белгілі бір мінез білдіріп, іс-әрекет көрсетуі мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда тілдік белгілер адамдар арасында қарым-қатынас орнатудың, өзара түсінісудің құралы ретінде көрінеді. Тілдік белгілердің бұл жағын, әдетте, оның прагматикалық (практикалық) жағы деп атайды.

Ақыр соңында, белгілер біртұтае жалпы жүйеге (тілге) енеді, сол тілдің табиғатына тән ережелер негізінде өзара белгілі бір қатынастарда болады. Осының арқасында сол тілдің бір белгілернен басқа белгілеріне ретпен өту мүмкіндіктері туады. Бұл тілдің синтаксистік жағы деп аталады, ал сол тілдің

ішкі құрылысына сәйкес белгілер (сөз, сөйлемдер) арасында болатын қатынастар жүйесі оның синтаксисін құрады.

Логика үшін айрықша маңыздысы - тілге семантикалық талдау жасау. Кез келген сөз, сөйлем шындыққа қатысы бар белгілі бір ойды білдіреді. Бұл жағдайда тілдік белгі ретінде сойлемді онда бейнеленген ойдан (логикалық пікірден) айыра білу, ал бұл екеуін оларда бейнеленген шындықтан ажырата білу керек.

Логикалық форма және логикалық заң туралы ұғым.

Логика дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым екенін жоғарыда айттық. Ал енді ойлаудың логикалық формасы мен логикалық заң дегеніміз не, соны қарастырып көрейік.

Ойлаудың логикалық формасы деп оның құрылысын, яғни құрамдас бөліктерінің байланысу тәсілін айтады.

Семантикалық жағынан алғанда, ойлаудың негізгі формаларына ұғым, пікір және ойқорытынды жатады. Бұл формалардың әрқайсысы кейінірек арнайы тарауларда толық қарастырылады. Бұл жерде тек логикалық форма деген ұғымды түсіндіру үшін оларға қысқаша тоқталамыз.

Шындық дүниедегі жеке нәрселер немесе олардың жиынтығы адам ойында ең алдымен ұғым түрінде бейнеленеді. Олар мазмұны жағынан алуан түрлі: мәселен, «ағаш», «қылмыскер», «есек», т.б. түрліше ойлау объектілерін бейнелендіретін ұғым. «Қылмыскер» - мемлекеттік үкімет органдары бекіткен заңды бұзған адамды көрсетсе, ал «өсек» біреуді масқаралайтын жалған пікір таратуды білдіреді. Бұл ұғымдардың мазмұны бір-бірінен мүлдем өзгеше болғанымен, бәріне ортақ белгі – заттарға тән жалпы, мәнді белгілерді немесе қасиеттерді бейнелеу тәсілі бірдей ұғымдар болуы.

Бір нәрсеге тән айрықша белгілерді немесе көп нәрселердің тұтас тобына тән жалпы мәнді белгілерді мәнсіз белгілерінен бөліп алып бейнелеудің нәтижесінде сол ой объектісі туралы ұғым (А) құрып, өзара байланысты (а, в, с деген) жалпы мәнді белгілерін атап көрсетеміз. Сөйтіп, түрлі заттар адам ойлауында бірдей тәсілмен - мәнді белгілердің белгілі бір байланысын керсететін ұғым формасында бейнеленеді.

Шындық дүниедегі заттар мен олардың қасиеттері арасында немесе бірнеше заттар арасында түрлі қатынастар пікір формасында бейнеленеді. Бұл қатынастар қостау немесе терістеу түрінде бейнеленеді. Мысалы, «Қылмыскердің қорғануға құқығы бар» деген пікірде қылмыскер мен оның қорғануға деген құқығы қосталып тұр. «Кейбір адамдардың логикалық білімі жоқ» деген пікірде «кейбір адамдар» мен «логикалық білім» арасындағы байланыс терістеліп тұр.

Келтірілген пікірлер мазмұны жағынан түрліше болғанымен, ондағы ұғымдардың байланыс тәсілі бірдей. Ол байланыс не қостау формасында, не терістеу формасында бейнеленген. Бұл пікірлерді құрайтын ұғымдарды логикада қабыл алынған S (субъект) және P (предикат) таңбаларымен белгілеп көрсетсек, осындай кез келген пікірлер үшін ортақ формула: S - P

келіп шығады. Мұндағы S - (пікірдің субъектісі) ой объектісін, P (предикат) сол объектінің белгісін, ал олардың арасындағы «-» белгісі S пен P-ның байланысын көрсетеді. Бұл байланыс қостаушы да, терістеуші де болуы мүмкін.

Негізгі әдебиет: 2, 3,4.

Қосымша әдебиет: 11, 15, 17.

Дәріс тақырыбы 2.1 Ұғым

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары

1. Ұғымға жалпы сипаттама.
2. Ұғымдардың мазмұны мен көлемі.
3. Ұғымның түрлері.

Дәріс тезистері:

Ұғым дегеніміз - заттар мен құбылыстардың елеулі белгілері мен қасиеттерін бейнелейтін абстрактілі ойлау формасы. Ұғым – заттардың жалпы, елеулі белгілерін тікелей бірлестік формасындағы ойда бейнеленеді.

Ұғым – нәрселер тобының бәріне ортақ жалпы мәнді белгілерін бейнелейтін ой. Айналадағы болмыстың құбылыстары мен заттары логикада ойдың нәрселері деп аталады. Заттардың белгілері деп олардың бірімен бірінің ұқсастығы мен ажыратылуын, айырмашылығын айтады. Ұғымды құрайтын логикалық тәсілдер:

1) анализ – ойлау процессінде заттың мазмұндық құрылымын белгілер мен қасиеттерге бөлу.

2) синтез – ойлау процессінде заттардың белгілері мен қасиеттерін, мазмұндық құрылымын біріктіру.

3) салыстыру – ұғымда қарастырылатын заттардың белгілерінің ұқсастығын, не өзгешелігін анықтау.

4) абстракциялау немесе дерексіздендіру – ұғымның мазмұнын құрайтын барлық белгілері мен қасиеттерінің ішінен, олардың бірлігін көрсететін белгілерін анықтау, өзгелерін елемей.

5) жалпылау – ұғымда заттың елеулі қасиеттері мен белгілерінің бірлігін көрстеу және басқа заттарға тану. Жалпылау – біртекті нәрселердің мәнді ортақ қасиеттерін ойша біріктіру. Абстракциялау және жалпылау бір-бірінен бөлінбейтін, біртұтас процесс болып табылады.

Әрбір ұғымның мазмұны және көлемі болады. Ұғымның мазмұны деп нәрселердің елеулі, мәнді белгілерінің ойлаудағы жиынтығын айтады. Мысалы: «Квадрат» ұғымының екі елеулі белгісі: тікбұрышты; барлық қабырғалары тең. Сөйтіп, ұғымның мазмұны дегеніміз – сол ұғым қамтыған нәрселер туралы білім, нәрселердің мәні туралы, олардың қасиеттері туралы білім.

Ұғымның көлемі дегеніміз – мәнді, елеулі белгілерді сол ұғымда бейнеленген нәрселердің тобы туралы білім немесе сол ұғымды ұғым қылып тұрған тектің, түрік белгілерінің жиынтығын айтамыз.

Ұғымның көлемі – сол ұғымғы кіретін тек, түр, класс тип белгілерінің жиынтығы. Мысалыға, «адам» деген ұғымның көлемі – нәсілдік жағынан (қара, сары, ақ) бөлуге болады немесе ұлттық жағынан бөлуіне болады (қаза, орыс, неміс) жастық, жыныстық жағынан бөлуге болады.

Ұғымның көлемі мен мазмұны тығыз байланысты, арасында кері қатынастық пропорция бар. Ол заң былай айтылады: ұғымның көлемі неғұрлым кең болса немесе әдейілеп көлемін кеңейтсек, онда мазмұны соғұрлым тарылады және оған керісінше: ұғымның мазмұны кең болса немесе кеңейтсек, онда көлемі соғұрлым кеңейе түседі.

Ұғымның көлем жағынан жеке және жалпы ұғымдар болып бөлінеді.

Жеке ұғым деп ұғымдағы бір элементті ойлауды айтады. Мысалы: «Шымкент», «Ордабасы», «Қазақстан».

Жалпы ұғым деп ұғымдағы көп элементті ойлауды айтамыз. Мысалы: «қала», «мемлекет», «дала».

Жалпы ұғымдар тіркелген және тіркелмейтін ұғымдар болуы мүмкін.

Тіркелетін ұғымдар деп ұғымдағы көптеген элементтерді санаққа алуды, тізімге тіркеу арқылы ойлауды айтады. Тіркелетін ұғымдардың көлемі шектеулі болады. Мысалы: «Команда ойыншысы», «Күн жүйесіндегі планета», «Арал теңізі» және т.б.

Тіркелмейтін ұғымдар деп саны белгісіз заттарға қатысты ойлауды айтады. Тіркелмейтін ұғымдардың көлемі шексіз болады. Мысалы: «адам», «арман», «сөз», «гүлдер» т.б.

Әмбебап және нөлдік ұғымдар.

Әмбебап ұғымдар деп көлемінде барлық элементтері қамтылатын заттар класын ойлауды айтады. Мысалы, философ, болмыс, металдар класы, ағаштар класы, т.т.

Нөлдік ұғым деп көлемінде шындықта жоқ объектті ойлауды айтады. Мысалы: «Ешкібұғы», «пері», «мыстан кемпір», т.т.

Бос және бос емес ұғымдар.

Бос ұғым деп объективтік дүниеде кездеспейтін нәрселерді ойлауды айтады. Мысалы: «кентавр», «желаяқ», «мәңгі двигатель», т.б.

Бос емес ұғым деп объективтілік шындықтың әйтеуір бір құбылысына сәйкес келетін нәрселерді ойлауды айтады. Мысалы: «теория», «жеңіс», «өсімдік», «планета», т.б.

Ұғымның мазмұн жағынан нақты және абстрактылы ұғымдар болып бөлінеді.

Нақты ұғымдар деп заттардың өз болмысын бейнелейтін ұғымдарды айтады. Мысалы: «кітап», «автомобиль», «тікұшақ» т.б. Абстракты ұғым дегеніміз ара қатынастық қасиеттерін бейнелейтін ұғымдарды айтады. Мысалы: «сұлулық», «жауапкершілік» т.б.

Оң және теріс ұғымдар: Оң ұғымдар деп мазмұны затқа тән қасиеттерді құрайтын ұғымдарды айтады. Мысалы: «тәртіп», «сауатты», «инабатты

адам» т.б. Теріс ұғымдар деп мазмұны затта жоқ қасиеттерді құрайтын ұғымдарды айтады. Теріс ұғымдар қазақ тілінде «емес», «бай», «сыз», «а» т.б. деген қосымша жұрнақтар арқылы айтылады. Мысалы: «сауатсыз», «беймаза», «атеист», А- емес, ақ-емес т.т.

Абсолюттік және салыстырмалы ұғымдар: абсолюттік ұғымдар өз мағынасында басқа заттардың қасиетін сақтамайтын ұғымдарды айтады. Мысалы: «өнер», «ғылым», «ғимарат», «ақын», т.б. Салыстырмалы ұғымдар деп өз мазмұнында басқа нәрселердің қасиетіне қатысты алынатын ұғымдарды айтады. Мысалы, «әке», «мұғалім», «қарындас» т.б. Салыстырмалы ұғымдарды қатынас ұғымдарын ажырата білу керек. Мысалы, «жоғары», «төмен», «қысқа», «ұзынырақ» т.б.

Жинақ және жинақ емес ұғымдар: жинақ ұғымдар деп элементтер жиынтығын біртұтас ойлауды айтады. Мысалы, «шоқжұлдыз», «ұжым», «тобыр», т.б. Жинақ емес ұғымдар деп мазмұны ойлаудағы бкласс заттарының әрқайсысына қатысты алынатын ұғымдарды айтады. Мысалы: «өзен», «ойыншық» және т.т.

Ұғымдар мазмұны жағынан салыстырмалы және салыстырмайтын қатынаста болады.

Салыстырмалы ұғым деп кейбір жалпы белгілері бойынша салыстырылатын ұғымдарды айтады. Мысалы, «Қазақстан», «Өзбекстан», «Қайрат», «Жігер» т.б. Салыстырмайтын ұғым деп салыстыруға болатын жалпы белгілері жоқ ұғымдарды айтамыз. Мысалы, «квадрат», «музыка».

Салыстырмалы ұғымдар сыйсымсыз және сыйсымды болып бөлінеді.

Сыйсымды ұғымдар деп көлемдері толық немесе жартылай үйлесетін ұғымдарды айтады. Сыйсымды қатынастардың үш түрі болады. Бұл қатынастар көрнекі болу үшін шеңберлер түрінде сызып көрсетіледі. Әрбір шеңбер ұғымның көлемін көрсетеді.

а) барабар немесе тепе-тең ұғымдар қатынасы. Мысалы: Астана (А) – Қазақстан астанасы (В) М.Әуезов (А) – Абай жолы (В)

ә) қиылысу қатынасы немесе жартылай үйлесу қатынасы. Мысалы: Курсант (А) – спортшы (В)

Курсанттардың бірқатары спортшы болып, ал спортшылардың бірқатары – курсант болады. Бір ұғымның көлемінің бөлігі екінші ұғымның көлемінің бөлігімен сәйкес келетінү шеңбер түрінде көрсетілген.

б) бағыныштылық қатынас. Бұл қатынаста бір ұғым екінші ұғымның көлемін кіреді. Бағыныштылық қатынас дегеніміз – түр мен тектік қатынас.

Жалпылығы көптеу (тектік) ұғым – бағындырушы ұғым деп, ал жалпылығы аздау (түрлік) ұғым – бағынушы ұғым деп аталады. Мысалы: курсант (А) – тамаша адам (В). әрбір жалпы ұғым бір уақытта әрі тектік, әрі түрлік ұғым болып келу мүмкін.

1. Сыйымсыз ұғымдар деп көлемдері жартылай да, толық та үйлеспейтін ұғымдарды айтады. Сыйымсыз, сыйыспайтын ұғымдардың да үш түрлі қатынасы болады.

а) матасқан, қатар бағыныштылық қатынасы. Бұл қатынас жалпы текке біріккен түрлердің ара қатынасы, ұғымдардың көлемі бір-бірімен үйлеспейді, бірақ барлығы тектік бір ұғымның көлеміне кіреді.

ә) қарама-қарсылық қатынасы. Бұл қатынастағы ұғымдар мазмұны жағынан бір-бірін қарам-қарсы, бірақ олар бір текті ұғымның көлеміне кіреді.

в) қайшылық қатынасы. Бұл қатынастағы бірін-бірі толығымен теріске шығаратын екі ұғымның, терістеуші ұғымның иазмұны белгісіз болып қалады.

Ұғымдарды жалпылау мен шектеу. Ұғымдарды жалпылау деп аз көлемді, бірақ көп мазмұнды ұғымнан көп көлемді, бірақ аз мазмұнды ұғымға өтуді айтады. Ұғымды шектеу деп көп көлемді, бірақ аз мазмұнды ұғымға өтуді айтады. Ұғымдарды шектеу мен жалпылау кері қатынас заңына бағынады. Ұғымдарды шектеу процессіне жалпылығы кең ұғымдардан жалпылығы тар ұғымдарға қарай көше келе, біз соңында көлемі бірге тең жеке ұғымдарға, демек одан әрі шектеуге болмайтын ұғымдарға жетеміз. Ұғымдарды анықтау.

Анықтама деп ұғымның мазмұнын қарастырған, ашатын логикалық операцияны айтады. Ұғымның мазмұнын ашу дегеніміз – оның мәнді белгілерін атап көрсету. Ұғымды анықтау амалының нәтижесі ұғымның анықтамасы деп аталады.

Мазмұны анықталатын анықталушы ұғымды – дефиниендум деп атайды. Мазмұны анықтайтын, анықтаушы ұғымды – дефиниенс деп атайды. Анықтама түрлері.

1. Реалды анықтама деп ұғымдағы заттардың елеулі, мәнді белгілерін айқындауды айтады.

2. Номиналды анықтама деп атау, есім сөздерінің, терминдердің мағынасын айқындауды айтады. Бұл анықтама ұғымның мазмұнын ашпай тек сөздің мағынасын анықтап береді.

3. ашық анықтама деп заттың елеулі белгісі, шыққан тегі түрі арқылы анықтауды йатады.

4. анық емес анықтама деп заттың белгілеріне қарама-қарсы қатынаста айқындалатын анықтаманы айтады.

Анықтама ережелері:

1) анықтама шамалас, сәйкестік, өлшемдес болуы тиіс, яғни

2) анықталушы ұғымның көлемі анықтаушы ұғымның көлеміне тең болуы керек.

3) анықтама анық, түсінікті болуы керек.

Анықтама айналмалы, шеңберлік болмай, қайталанбау керек.

Ұғымды бөлу. Ұғымды бөлу деп ұғымның қарастыратын, ашатын логикалық операцияны айтады. Ұғымның көлемін зерттеу дегеніміз – бөлінгіш ұғымның көлеміне енетін қатар бағыныңқы ұғымдардың түрін көрсету. Ұғымды бөлуде маңызды нәрсе – оның негізі болып табылатын белгісін дұрыс таңдап алу және ол мәнді белгі болуы тиіс. Ұғымды классификациялау деп заттарды кластарға, топтарға өзінің алатын орны бойынша бөлу, тарату, топтастыруды айтады. Классификация дегеніміз –

заттардың, құбылыстардың өзара ұқсастығын және олардың басқа текті нәрселерден айырмашылығын негізге ала отырып, оларды топқа бөлу жүйесі.

Негізгі әдебиет: 2,3,7, 8.

Қосымша әдебиет: 12, 13, 14.

Дәріс тақырыбы 3.1 Пікір

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары

1. Пікірге жалпы сипаттама.
2. Қарапайым пікір, оның түрлері және құрамы.
3. Күрделі пікір.

Дәріс тезистері:

Пікір объективтік шындықты құбылыстардың, заттардың болмысының ақиқаттығын не жалғандығын бейнелейтін ойлау формасы. Пікір дегеніміз бір нәрсені растайтын немесе терістейтін ойлау формасы. Басқаша айтсақ, пікір деп құбылыстар, нәрселер мен олардың белгілері жөніндегі ойды растайтын немесе теріске шығаратын ойлау түрін айтады. Пікір зат және оның белгісін байланыстыратын екі ұғымнан немесе екі терминнен тұрады – субъект және предикат. Пікірдің субъекті дегеніміз заттың, не құбылыстың болмысын, бейнесін білідіретін белгі, ол зат туралы ұғымды көрсетеді.

Пікірдің предикаты дегеніміз заттың, не құбылыстың белгісін, қасиетін білідіретін бөлігі, ол заттың қасиеті туралы ұғымды, пікірдегі субъект жөнінде не айтылатынын білідреді, бейнелейді. Субъект пен предикат пікірдің термині деп аталады. Пікірдің субъектісі біреу немесе бірнеше болуы және сондай-ақ предикаты да біреу немесе бірнеше болуы мүмкін. Жәй пікір деп бір субъекттен және бір предикаттан тұратын екі ұғым байланысын көрсететін пікірді айтады. Жәй пікір үш түрлі болады.

1. Атрибутивтік пікір. Атрибутивтік деп заттың белгісі, қасиеті жөніндегі пікірді айтады.

2. Қатынастық пікір деп заттар арасындағы қатынасты бейнелейтін пікірді айтады.

3. Бар болу немесе экзистенциялық пікір. Заттың бар немесе бар емес екенін бейнелейтін пікір.

Пікірлер сапа жағынан оң және теріс пікірлер болып бөлінеді. Оң пікір деп затқа, нәрсеге әйтеуір бір қасиет, белгі таңатын пікірді айтады. Теріс пікір деп затта, нәрседе әлде бір қасиеттің, белгінің болмауын көрсететін пікірді айтады.

Пікірлер мөлшер жағынан үшке бөлінеді. Жеке деп жалғыз, бір нәрсені растайтын, не терістейтін пікірді айтады. Дербес деп кейбір класс заттарының бір шамасын растайтын, не терістейтін пікірді айтады жалпы деп кейбір кластың барлық заттарын растайтын не терістейтін пікірді

айтамыз. Пікірлер төрт түрлі қатынаста болады. бағыну, қайшыласпау, қарама-қарсылық, жартылай сәйкестік пікірлер.

Қарапайым пікір және оның түрлері

Екі ғана ұғымнан (S және P) тұратын пікірлер *қарапайым* деп аталады. Оның құрылысы: S - P.

Бұл пікірде қосылатын немесе теріске шығарылатын нәрсе не: оның белгісі ме, әлде нәрселердің арасындағы қатынас па, осыған қарай қарапайым пікірлер атрибутивтік пікір және қатынастық пікір болып бөлінеді. Атрибутивтік пікір дегеніміз – нәрселердің белгісі жайындағы пікір. Ол нәрсе мен оның белгісінің байланысын қостау не терістеу түрінде бейленеді. Мәселен: «Марат - оқу озаты», «Қазақстан – тәуелсіз мемлекет», «Соттың ешқайсысы дауыс беруден бас тарта алмайды» т.б.

Атрибутивтік пікір көлемдік жағынан қарастырылуы мүмкін. Бұл жағдайда ол нәрсе мен оның белгісіне байланысы тұрғысынан қарастырылмай, жекеше ұғымның көлемінің тектік ұғымының көлеміне ену (немесе енбеу) жағынан қарастырылады.

Мысалы, «Қазақстан (S) – Орталық Азиядағы мемлекет (P)». Субъект жекеше ұғым, ол «Орталық Азиядағы мемлекет (P) деген жалпы ұғымның көлеміне енеді (8-сурет). Ал, «Ешбір бейбітшіл мемлекет (S) соғысты қаламайды (P)» деген пікірде субъект (S) предикаттың (P) көлемінен тысқарыланады, яғни терістеледі.

Қатынастық пікірдің логикалық құрылысы атрибутивтік пікірден гөрі өзгешелеу. Солай бола тұрса да, оларды атрибутивтік пікір түрінде де қарастыруға болады. Мысалы, «Алматы – Ташкенттен кішірек» деген мысалды «Ташкенттен кішірек» болу – Алматыға тән белгі.

Атрибутивтік пікірлерде кейде бірнеше нәрселерге бір белгінің тән екендігі бейнеленуі мүмкін. Мұндай пікірлерде бір предикат (P) бірнеше субъектіге (S) қатысты болады. Мысалы: «Сәрсен, Бейсен, Жомарт – заң институтының курсанты» деген пікірде «Заң институтының курсанты» белгісі үш адамға тән болып тұр, мұны біз мынадай формуламен көрсетеміз: S1 S2 S3 – P. Бұл пікірдің үш қарапайым пікірден тұратын күрделі пікір екендігі құрылысынан-ақ көрініп тұр: S1 - P S2 – P S3 – P деп үш қарапайым пікірге бөліп тастауға болады. Дәл осы сияқты кейбір атрибутивтік пікірлерде бір субъект (S) бірнеше предикаттың (P1 P2 P3) тән екендігі айтылады. Мұндай пікірлер кейінірек күрделі пікірлерді арнайы өткенде толығырақ қарастырылады. Дәстүрлі формальді логикада атрибутивтік пікірді кесімді пікір деп те атайды.

Бұл пікірді кесімді деп аталуының себебі - нәрселерге оның белгілерінің тән немесе тән еместігі ешқандай бір шартсыз, күмәнсіз түрде кесіп айтылады. Бұл атау гректің *kategorikos* - айқын, шартсыз, кесімді деген мағына беретін сөзінен шыққан. Мысалы: «Қорқақ адам ажалынан бұрын өледі». «Қылмыс жасаған адам қылмыстық жауапкершіліктен құтыла алмайды».

Кесімді пікірлер саны (S-нің көлемі) жағынан үш түрге, ал сапасы (логикалық байланысының сипаты) жағынан екі түрге бөлінеді. Сонымен

қатар, кесімді пікірлер саны мен сапасы жағынан біріктіріп қарағанда төрт түрге бөлінеді. Пікірде бейнеленген белгінің (Р - ның) нәрсе үшін (S үшін) қаншалықты мәнді екендігінің дәрежесіне қарай, яғни модальдығына қарай үшке бөлінеді.

Пікірлерді сапасына қарай бөлу. Пікірдің сапасы дегеніміз - оның байланысының сипаты. Сапасына қарай кесімді пікірлер қостаушы және терістеуші бөліп бөлінеді.

Қостаушы пікір дегеніз - нәрсеге оның белгісінің тән екендігін бейнелейтін пікір. Мысалы:

Қазан қаласы Еділдің жағасына орналасқан.

Сот істі заңға сәйкес шешуге міндетті.

Қостаушы пікірдің формуласы мынадай: S дегеніміз Р.

Қостаушы пікірде материалдық дүниеде қосталып тұрған нәрсе ойша мақұлданады.

Терістеуші пікір - нәрсе мен белгінің арасында ешқандай байланыстың жоқ екенін бейнелейтін пікір.

Мысалы: Қазақстанның азаматтары соғысты қаламайды.

Фарфор - электр өткізгіш емес.

Айда атмосфера жоқ.

Терістеуші пікірдің формуласы мынадай: S дегеніміз Р емес.

Терістеуші пікірде материалдық дүниеде бөлектеніп тұрған нәрсе ойша бөлектеніп көрсетіледі.

Предикаты теріс мазмұнды пікірлер қостаушы пікір деп саналады, өйткені логикалық байланысы қостаушы. Мысалы, «Азамат Н. - сенімсіз адам» - қостаушы пікір, ал егер «Азамат Н. – сенімді адам емес» десек, бұл терістеуші болар еді.

Кейде пікірлердің барысында пікірдің тілдік айтылу формасын өзгертіп, оны S дегеніміз Р дегеніміз Р емес деген логикалық құрылыс формасына келтіруге тура келеді. Мысалы, «Айыпталушының қорғануға құқығы бар» деген пікірді «Айыпталушы дегеніміз - қорғануға құқығы бар адам» деп өзгертеміз. Өзгертілген сөйлемнен пікірдің логикалық құрылысы айқын көрініп тұр.

Пікірлерді санына қарай бөлу. Пікірдің саны деп субъект (S) ұғымының көлемін айтады, ал оның көлемі бір нәрсені немесе бірнеше нәрсені, не болмаса нәрселердің бүкіл класын толық қамтуы мүмкін, сөйтіп предикат (Р) бейнелейтін белгі бір нәрсеге немесе бірнеше нәрсеге, не болмаса нәрселердің бүкіл класына тиісті болуы мүмкін. Осыған сәйкес пікірлер жекеше, ішінара және жалпы болып үшке бөлінеді.

Жекеше пікір дегеніміз - әрбір дара нәрсенің белгілерінің байланысын қостайтын немесе терістейтін пікір.

Мысалы: Ликург - ежелгі дүниенің ұлы заңгері.

Эдисон - қыздыру шамын ойлап шығарушы емес.

Жекеше пікір біздің ойлау процесімізде зор рөл атқарады. Нәрселердің біртұтас класын олырдың жеке өкілдерін зерттеп алмайынша, тануға болмайды. Әрбір жекеше пікір, егер ол нәрсені дұрыс бейнелеген болса, бізді

нәрселер тобының мәнін табуға жақындата түседі. Жекеше пікірдің формуласы: «Бұл S - P (емес)». Ал егер бір нәрсе емес, бірнеше нәрсені немесе нәрселердің бүкіл бір класын білу керек болса, онда біздің ойымыз жекеше пікірдің сатысында тоқтап қала алмайды. Берілген белгі нәрселердің бір тобына немесе олардың бүтін бір класына тиісті екені пікірдің басқаша формаларымен бейнеленеді.

Мынадай пікірді қарастырайық:

Біздің академияның кейбір курсанттары - жақсы оқушылар.

Пікірде біз академияның кейбір курсанттары жақсы оқушылар екенін қостаймыз. Мұндай пікірді ішінара пікір деп атайды. Ішінара пікір деп нәрселердің бір класының ішіндегі кейбір нәрселердің ғана белгілерінің байланысын қостайтын немесе терістейтін пікірді айтады.

Ішінара пікір мынадай формуламен өрнектеледі: Кейбір S дегеніміз P болады (болмайды). Ішінара нәрсе мен белгінің байланысы кеңірек түрде көрсетіледі. Оның ішінде біз табылған белгінің бірқатар нәрселерге тиісті екенін көрсете айтамыз.

Бірақ көрсетілген белгі нәрселердің бүкіл класына тиістілігі туралы мәселені шешу үшін ішінара пікір әлі көмексі, өйткені айтылған белгінің нәрселер класының қай бөлігіне тән екені белгісіз. Шынында, жоғарыда айтылған мысалдан курсанттардың нешеуі жақсы оқитындар екенін анықтау мүмкін емес.

«Қазақстан азаматтарының барлығының да тегін білім алуға құқығы бар еді». Мұндай пікір - жалпы пікір болады.

Жалпы пікір дегеніміз - нәрселердің бүкіл класының әрбір нәрсесі жөніндегі бірдеңенің қостайтын немесе терістейтін пікір.

Жалпы пікірдің формуласы мынадай. Барлық S дегеніміз P.

Сондай-ақ жалпы пікірде қарастырылатын кластың барлық нәрселері үшін қандай да бір белгіні теріске шығаруға болады. Ондай пікірге мынадай мысал алуға болады: «Ешбір капиталистік елдің конституциясы еңбек ету құқығын қамтамасыз етпейді». Жалпы пікірде белгіні теріске шығарған жағдайда пікір формуласы мына түрге айналады: Ешбір S дегеніміз P емес. Жалпы пікір бізге белгі бір қағиданың нәрселердің бүкіл класы үшін ақиқаттығы туралы білім береді. Жалпы пікірдің маңызының зор болуы, міне осында.

Жекеше, ішінара және жалпы пікірлердің дүние танудағы маңызы ерекше. Ең алдымен бұл үшеуінің ара-қатынасы адамзаттың дүние тануының тарихи жолын бейнелейді. Жеке, дара нәрселер жайындағы білімді жекеше пікір түрінде тұжырымдаймыз. Жекеше пікір - ішінара және жалпы пікірлер айтудың алғашқы негізі.

Ішінара пікірлерде, жекеше пікірлермен салыстырғанда әлдеқайда жинақталған, өрісі кеңдеу білімдер тұжырымдалады. Ең жалпы білімдер жалпы пікірлерде тұжырымдалады. Табиғат пен қоғам құбылыстарының ең маңызды жалпы байланыстарын бейнелейтін ғылым заңдары жалпы пікір түрінде тұжырымдалады. Мәселен, «Ешбір тірі жәндік ауасыз өмір сүре алмайды» деген жалпы биологиялық заңды ашқанша, адамзат ондаған

ғасырлар бойы сансыз көп жеке-дара тірі организмдерді зерттеп, ойлау сынағынан өткізеді.

Әрбір пікірде сапа белгісі бар, яғни пікір әрқашан да қостаушы немесе терістеуші болады. Сонымен қатар, әрбір пікірдің сан белгісі де бар. Осы екі белгіні (сапасы мен санын) ескере отырып, біз пікірдің барлығын негізгі төрт түрге: жалпықостаушы, ішінарақостаушы, жалпытерістеуші, ішінаратерістеуші пікірлерге бөлеміз.

Мысалдар қарастырайық:

1) «Курсанттардың бәрі - оқушы».

Бұл пікірде курсанттардың барлығына оқушылық сапа тән екендігі қосталады.

Бұл сияқты бірден әрі жалпы, әрі қостаушы болған пікір жалпықостаушы пікір деп аталады. Жалпықостаушы пікір мынадай формуламен өрнектеледі:

Барлық S дегеніміз P.

2) «Өндірістің кейбір жұмысшылары - қазақтар». Бұл пікірде жұмысшылардың кейбіреулері қазақтан шыққандығы қосталады.

Бұл сияқты бірден әрі ішінара, әрі қостаушы болған пікір ішінарақостаушы пікір деп аталады.

Бірден әрі жалпы, әрі терістеуші пікір жалпытерістеуші пікір деп аталады.

Бірден әрі ішінара, әрі терістеуші пікір ішінаратерістеуші пікір деп аталады.

Күрделі пікір.

Пікірлеу барысында қарапайым пікірлермен қатар, күрделі пікірлер де қолданылады.

Бірнеше қарапайым пікірден тұратын пікірлер күрделі пікір деп аталады. Мұнда ол қарапайым пікірлер «және», «немесе», «егер... онда», «егер... сонда ғана» деген сияқты байланыстырушы сөздердің көмегімен күрделі пікір болып құралады. Күрделі пікірлердің түрлері мен сипатын, құрылысын анықтап беретін басты элемент – осы байланыстар. Күрделі пікірлер біріктіруші, ажыратушы және шартты болып негізгі үш түрге бөлінеді.

1. Біріктіруші пікір (латынша - конъюнкция) дегеніміз - «және» деген логикалық байланыстың көмегімен қарапайым пікірлерден құралатын күрделі пікір.

2. Ажыратушы пікір (дизъюнкция) - «не», «немесе», «болмаса» деген логикалық байланыстардың көмегімен екі және одан да көп қарапайым пікірлердің байланысуы.

3. Шартты пікір дегеніміз - екі қарапайым пікірден тұратын, «егер... онда» деген логикалық байланыстың көмегімен құралатын күрделі пікір.

Негізгі әдебиет: 2, 5, 7.

Қосымша әдебиет: 12,13,14.

Дәріс тақырыбы 4.1 Ойлаудың негізгі заңдары

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары

1. Заңдарға жалпы сипаттама.
2. Дұрыс ойлау заңдары.

Дәріс тезистері:

Материялық дүниенің біздің санамыздан тыс және тәуелсіз өмір сүретіні, ал біздің ойымыз материялық дүниедегі нәрселер мен құбылыстардың адам миында бейнеленуі екені алдыңғы тақырыптарда айтылды.

Объективтік дүние дегеніміз - байланысты, тұтас, бір бүтін нәрсе. Ондағы нәрселер мен құбылыстар бір – біріне тәуелді, бір-бірімен шарттас және қозғалыста, дамуда болады. Сыртқы дүниедегі нәрселердің қозғалысы мен дамуы белгілі бір заңдар бойынша жүреді. Егер біздің ойымыз бұл заңдарды дұрыс бейнелесе онда біз оларды біле аламыз.

Алайда, ойлау болмысты тек дұрыс қана бейнелеп қоймай, бұрыс бейнелуі де мүмкін. Сондықтан ойлау дұрыс болғанда, оның қандай қасиеттері болатынын анықтаудың біз үшін үлкен маңызы бар. Бұл заңдарды біліп алғаннан кейін, оларды саналы түрде пайдалануға және соның арқасында өзімізді қоршаған дүниені дұрыс тануға болады.

Табиғаттың заңдары сияқты ойлау заңдарын да ешкім ойдан шығармаған. Ойлау заңдары материялық нәрселердің қажетті байланыстарының адам санасында бейнеленуі болып табылады.

Логика ойлаудың негізгі төрт заңын зерттейді. Олар: тепе-теңдік заңы, қайшылық заңы, үшіншісі жоқ заңы және жеткілікті негіз заңы. Бұл заңдар дұрыс ойлаудың негізгі сапаларын, яғни біздің ойымыздың анықтығын, қайшылықсыздығын, дәйектілігін және негізділігін білдіреді.

Ойлау дұрыс болуы үшін, ол аса дәл де анық, қатаң дәйекті болып, пірір тақырыбынан ауытқып кетпеуі керек және ойлауда логикалық қайшылықтар мен екіұшытылық болмауы тиіс. Біздің пікірлеріміз бен қорытындыларымыз дәлелді болуы тиіс. Біздің пікірлеріміз дәлелді болуы керек, онсыз олардың сенімді болуы мүмкін емес.

Логикалық заңдар - дұрыс ойлаудың негізгі шарты.

Ойлау заңы деп ойлаудың қажетті, мәнді тұрақты, қайталанбайтын пікірлерді айтады.

1. Барабарлық (тепе-теңдік) заңы. Кез келген пікірден жеке мен жалпылық, тепе-теңдік пен айырмашылықтың байланысын көруге болады. айырмашылықтың өзі тепе-теңдік арқылы көрінеді, объективтік шындықта барабарлық айырмашылықта өмір сүреді, заттардың абсолюттік барабарлығы болмайды. Барабарлық заңы. Қандай да бір зат туралы ойдың көлемі мен мазмұны ойлау процессінде қатаң анықталған және тұрақты болуы керек.

2. Қайшылық заңы. Ойлау процессінде қарама-қарсылықтағы екі пікір бір уақытта және бірдей жағдайда, бірдей қатынаста шын бола алмайды.

Бірімен бірі сыйыспайтын екі пікір бір уақытта шын бола алмайды, ең болмағанда оның біреуі міндетті түрде жалған болады.

3. Болмақ емес заңы. Қарама-қайшылықтағы екі пікірдей шын және бірдей жалған бола алмайды, олардың біреуі міндетті түрде шын, екіншісі міндетті түрде жалған болады, ал үшінші жағдай болмайды. Қайшылықтағы екі пікірдің біреуі шын, екіншісі жалған, ал үшіншісі болмақ емес. Үшіншісі болмақ емес заңы бірі бір нәрсені растайтын, екіншісі дәл соны терістейтін екі қайшы пікір бар жерде ғана қолданылады.

4. Жеткілікті негіз заңы. Ойлау процессінде пікірлердің ақиқаттығын анықтағанда тек жеткілікті негізі бар пікірлер ғана шындықта болады, ал жалған ойларда негіз болмайды. Әрбір ақиқат ой дәлелді болуы тиіс. Жеткілікті негіз заңының тұжырымдамасы мынадай: барлық кез келген ақиқатты ойда жеткілікті негіз болуы керек.

Негізгі әдебиет: 2, 4, 8.

Қосымша әдебиет: 9, 11, 15.

Дәріс тақырыбы 5.1 Ойқорытынды

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары

1. Ойқорытындыға жалпы сипаттама.
2. Ойқорытынды және оның түрлері.

Дәріс тезистері:

Ойқорытынды дегеніміз - бірнеше пікірлердің логикалық байланысынан жаңа пікір - қорытынды шығарудың логикалық формасы. Қорытынды шығарудың логикалық формасы мазмұны түрліше ойқорытындыға ортақ. Мысалы: «Куә жалған мәлімет бермеуге міндетті», ал «Бейсенбаев - Куә» деген пікірлерден қажетті түрде «Бейсенбаев жалған мәлімет бермеуге міндетті» деген пікір шығады. Алдыңғы екі пікір «куә» деген ортақ ұғымның көмегімен байланысып тұрғандықтан ғана қорытынды шығаруға мүмкіндік туды. Демек, мазмұны жағынан әр түрлі ойқорытындылардың бәріне ортақ жалпылық - алғаш берілген пікірлердің арасындағы байланыс тәсілі.

Шындықты танып білудің нәтижесінде адам жаңа білім алады. Оның бір қатарын сезім мүшелерінің көмегі арқасында тікелей бейнелендірудің нәтижесінде алады: көзімен көреді, құлағымен естиді, иісін сезеді, т.б. Бірақ адамның бұл сезімдік таным процесіне ақыл-ой міндетті түрде қатысады. Солай болғанның өзінде де, адам сезімдік таныммен шектеліп қала алмайды, өйткені сезім мүшелерінің дүние тану мүмкіндіктері шектеулі: тек сезім мүшелері арқылы адам, біріншіден, бұрын өтіп кеткен заттар мен құбылыстарды танып біле алмас еді. Екіншіден, көптеген заттар мен құбылыстар кеңістік тұрғысынан алғанда, өте алыс орналасқан, оларды да сезім мүшелерімен танып біле алмайды. Үшіншіден, сезім мүшелері арқылы

адам нәрселердің тек сырт көріністерін, құбылыстарын ғана танып білер еді де, ал олардың ішкі мәнін, заңдылықтарын, т.б. танып біле алмас еді. Мәселен, адамзат көптеген ғасырлар бойы Жерді Күн айналады деп қателесіп немесе Жер шар тәрізді домалақ емес, жазық деп түсініп келді, өйткені көздің көрсетуі солай болды. Тек астрономия ғылымы дамығаннан кейін ғана ғылыми ойлаудың (ойқорытындының) көмегімен ол қателіктерді жөнделді.

Қазіргі заманғы біздің біліміміздің басым көпшілігі - абстрактілі ойлаудың маңызды бір формасы - ойқорытындының көмегімен алынған білімдер. Біз өзімізді қоршаған болмыс туралы білімді ұғым, пікір, ойқорытынды формасында тұжырымдаймыз. Сондықтан ойлаудың бұл формалары дүние танудың құралы болып табылады.

Ойлаудың бұл үш формасы өзара тығыз байланысты болады. Ұғымдардың логикалық байланысынан пікір құрылатынын жоғарыды көрдік. Ал пікірлердің өзара байланысынан ойқорытынды құрылады. Мысалы, әрбір металдың электр өткізгіштігінен және мыстың металл екендігінен адам мынадай ойқорытынды жасайды: Металдың бәрі - электр өткізгіш. Мыс - металл. Олай болса, мыс - электр өткізгіш.

Бұл ойқорытынды үш пікірден тұрады. Алғаш берілген екі пікір (олар алғышарт деп аталады) үшінші пікірді (жаңа пікірді) қорытып шығаруға негіз болып отыр. Алғышарттардың байланысынан туған жаңа пікір қорытынды деп аталады. Жаңа пікір (қорытынды) жаңа білім болып табылады, ол бұрыннан ақиқаттығы белгілі пікірден туды. Ойқорытындының жаңа білім алуудағы маңызан ашып көрсететін тағы бір - екі мысал келтірейік.

Темірдің компастың магнит тілін өзіне тартатыны әлдеқашаннан белгілі болатын. Содан кейін компаспен Курс қаласы маңынан өтіп бара жатқанда, оның тілі меридиннан едәуір бұрылатыны мәлім болды. Осының барлығын білгеннен кейін мамандар Курс қаласының маңында темір кені бар деп қорытынды жасады. Соңынан зерттеу жүргізгенде, бұл қорытындының дұрыстығы айқындалды.

Сөйтіп, темірдің компастың магнит тіліне қандай әсер ететінін және магнит тілінің Курс қаласы маңында бағытын өзгертетінін біліп, адамдар осыдан дұрыс қорытынды жасады, яғни жаңа білімге ие болды.

Дәл осындай жағдай Қостанай облысының темір кенін ашарда да қайталанды. Бұл мысалдар ойқорытындының дүни танудағы маңызын көрсетеді.

Біз өзіміздің күнделікті практикалық қызметімізде де үнемі ойқорытынды жасап отырамыз.

Егер негізге алынған пікірлер дұрыс болса және біз ойқорытындыны дұрыс құрасақ, яғни оны логика заңдарының талабына сәйкес құрған болсақ, қорытындымыз әр уақытта дұрыс болып шығады. «Егер біздің алғышарттарымыз дұрыс болса және біз оларға ойлау заңдарын дұрыс қолдансақ, онда шыққан нәтиже шындыққа сәйкес келуі керек...» (Ф. Энгельс).

Ойқорытындыда ой жалпыдан жекеге қарай немесе жекеден жалпыға қарай жүруі мүмкін, яғни алғышарттардың ең болмағанда біреуі жалпы пікір

болып, одан жекеше қорытынды шығуы не жекеше алғышарттардан жекеше қорытынды шығуы мүмкін. Осыған орай ойқорытынды үш түрге бөлінеді. Жалпы алғышарттан жекеше қорытынды шығатын ойқорытынды дедукциялық ойқорытынды деп аталады. Оны қысқаша түрде дедукция деп атайды. Жекеше алғышарттардан жалпы қорытынды шығатын ойқорытынды индукциялық ойқорытынды немесе индукция деп атайды.

Жекеше алғышарттан жекеше қорытынды шығаруды аналогиялық ойқорытынды немесе аналогия деп атайды.

Алғышарттардың санына қарай, яғни қорытынды бір алғышарттан шыға ма, әлде екі және одан да көп алғышарттардан шыға ма, соған қарай ойқорытындылар тікелей және жанама болып бөлінеді. Бір ғана алғышарттан қорытынды шығару тікелей ойқорытынды деп аталады, ал екі және одан да көп алғышарттардан қорытынды шығару жанама ойқорытынды деп аталады.

Тікелей ойқорытынды пікірлерді түрлендіру жолымен іске асады. Оған айналдыру, ауыстыру, пікірлердің арасындағы қатынастарды анықтау («логикалық квадрат» деп аталатын бұл соңғы тәсіл «Пікір» тарауында айтылды) тәсілдері жатады.

Айналдыру. Пікірді айналдыру деп пікірдің мағынасын өзгертпей, терістеуші пікірді қостаушыға және қостаушы пікірді терістеушіге айналдырудың логикалық тәсілін айтамыз.

Айналдыру нәтижесінде пікірдің тек сапасы ғана өзгереді. Мысалы: «Жұлдыздар қозғалмайды емес», демек, «Жұлдыздар қозғалып тұрады». \

Айналдыру тәсілін қолданғанда, бір пікірге екі терістеуші белгі енгіземіз: біріншісі – байланыспе бірге, екіншісі – баяндауыштың артынан келеді.

Жалпы қостаушы пікір жалпытерістеуші немесе керісінше пікірге, ал ішінарақостаушы пікір ішінаратерістеуші пікірге немесе керісінше пікірге айналады.

Айналдыру біздің ойымызды айқындай түседі, оның маңызы да тап собында. Дұрыс айналдырмаса, онда пікірлер айқын болмай шығады немесе олардың мағыналары бұзылады.

Ауыстыру. Ауыстыру дегеніміз - пікірдің бастауышын баяндауыш, ал баяндауышын бастауыш етіп ауыстырып қоятын логикалық тәсіл. Ауыстырудың нәтижесінде пікірдің сапасы өзгермейді. Мысалы: «Жұлдыздардың барлығы да күн болып табылады» деген пікір «Күндердің барлығы да жұлдыз болып табылады» деген пікірге ауысады. Бірінші пікірде ой нәрсесі «жұлдыздар» босла, екіншіде - «күндер». Ой нәрсесі өзгергендіктен, пікірдің мағынасы да өзгереді, яғни біз тіпті жаңа пікір алдық.

Біздің мысалымыздағы пікір өзінің санын өзгерткен жоқ, мұндай ауыстыру жай ауыстыру немесе таза ауыстыру деп аталады. Ол тек пікірдегі екі терминнің екеуі де таратылған немесе екеуі де таратылмаған жағдайларда ғана қолданылады. Сондықтан ауыстырғанда терминдердің көлемдері арасындағы қатынас өзгермейді.

Кейбір жалпықостаушы пікірлерде терминдердің екеуі де таратылған болады. Сондықтан ондай пікірдер жай түрде ауысады.

Алайда жалпықостаушы пікірде баяндауыш, көбінесе, таратылмаған болады. Ондай жағдайларда жай ауыстыру өрескел қатеге әкеліп соғады. Мысалы, «Курсанттардың бәрі де оқушы» деген пікірді «Оқушының бәрі де курсант» деген пікірге немесе «Ақындардың бәрі де қиялдай алады» дегенді «Қиялдай алатын адамдардың барлығы - ақын» деген пікірге ауыстыруға болмайды. Ондай ауыстыру - қате.

Дәріс тақырыбы 6. Дәлелдеу және бекерлеу

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары

1. Дәлелдеудің құрылымы.
2. Дәлелдеудің түрлері.
3. Бекерлеу.

Дәріс тезистері:

Дәлелдеудің өзі үш негізгі бөлік: тезис, негіз және дәлелдеу тәсілінен (демонстрациядан) тұрады.

1. Тезис деп ақиқаттағы негіздеуді (дәлелдеуді) қажет ететін пікірді немесе қағиданы айтады.

Әрбір тезиске қойылатын негізгі талап: дәлелденетін тезис ақиқат болуы, яғни оның мазмұны объективтік шындыққа сәйкес келуі тиіс. Тезис өзіне-өзі тең болуы керек, яғни екі ұшы (синоним мен омонимдер) пікірлері болмауы керек. Дәлел орнына жүретіндер: нақты фактілер, кейбір теоремалар, жеке нәрсенің және уақиғалардың қасиеттері; т.т. Сот-тергеу ісінде қылмыстың нақты жағдайлары туралы.

2. Негіз (аргумент) деп ақиқаттығы анықталған және тезисті дәлелдеуге жеткілікті негіз ретінде қолдануға болатын пікірлер. Дәлелдеу дегеніміз – белгілі бір пікірдің ақиқаттығын ақиқаттағы практикада тексерген немесе тікелей сезім мүшелері арқылы мәлім болатын басқа пікірлермен негіздеу үшін қоладнылатын белгілі бір пікірлерді ақиқат деп немесе айқын деп тану.

Дәлелдеудің негізінен бірнеше түрі болады: фактілер жиынтығы, ғылым заңдары, ұғымды анықтамаларының ережелері, аксиомалар мен постулаттар т.б.

3. Дәлелдеу тәсілі (дәлелдеу формасы немесе демонстрация) дегеніміз – тезистің ақиқаттығын дәлелдеуге мүмкіншілік беретін негіз бен қорытындының арасындағы логикалық байланыстың формасы.

Дәлелдеудің түрлері: тезисті дәлелдеу не дедукциялық, не индукциялық ой қорытынды формасында немесе аналогия формасында жүреді, ал кейде осылардың бәрінен өзара ұштасқан формасында болады.

Дәлелдеудің дедукциялық формасы көбінесе жекеше жағдайда жалпы қағидаға, ережеге келтіру түрінде болады. Немесе, силлогизм бір түрін құру

арқылы (алға үлкен және кіші шарттар құру керек) тезистің дұрыс екенін дәлелдейді.

Индукциялық дәлелдеу дегеніміз – белгілі бір нақты жағдайлар жайлы жекеше пікірлер – аргументтерден бұл жекеше жайғдайларды жинақтаушы жалпы пікір – теріске өтудің логикалық жолы. Бұл жерде аргументтердің орнына жеке-жеке фактілер, нақты мәліметтер арқылы тезисті дәлелдейміз.

Аналогия формасында дәлелдеу – жекеше құбылыстың қасиеттері жайлы тезисті бірінші құбылыстың мәнді белгілеріне ұқсас мәнді белгілері бар екінші құбылыс жайлы аргументтердің көмегімен негіздеу.

Тікелей және жанама дәлелдеу.

Тікелей дәлелдеу дегенде біз ой қорытындысы арқылы аргументтердің ақиқаттығы жөніндегі қорытынды шығарамыз.

Оның схемасы былай (а, в, с...) деген аргументтерден (к, т, п ...) деген ақиқат пікірлер шығады десек, онда дәлелдердің тезисі “д” деп қараймыз.

Алайда, тезистің ақиқаттығын тікелей негіздеп беретін дәлелдер кейбір жағдайларда болмай қалатын кездер жиі кездеседі. Мұндай жағдайларда тезиске қайшы келетін пікірдің жалған екенін дәлелдейтін аргументтер табу керек. Ондай аргументтерді тапқан соң тезиске қайшы келетін пікірдің жалғандығын дәлелдеу керек. Бұндай дәлелді жанама дәлел дейміз. Сонымен, жанама дәлелдеу тезиске қайшы келетін қағиданың ақиқаттығын мүмкін деп, не дұрыс деп табуға болмайтындығына сүйеніп тезис ақиқат деп қорытынды шығарады. Оның формуласы: (а в с), та, тв.

Мысалы: Қылмысты тек қана немесе А, немесе В, немесе С жасады.

Дәлелденді; не А-да, не В-да қылмыс жасаған жоқ. Сондықтан қылмысты С жасады.

Бекерлеу.

Бекерлеу деп ұсынылған тезистің жалғандығын немесе негізсіздігін анықтау жолымен дәлелдеуді бұзуға бағытталған логикалық әрекетті айтады. Бекерлеудің үш тәсілі бар:

Тезисті бекерлеу.

Аргументтерді бекерлеу.

Дәлелдеу тәсілін (демонстрацияны) сынау.

Логикалық дәлелдеріміз айқын болып шығу үшін олардың ережелерін бұлжытпай орындау керек. Негізгі логикалық қателер дәлелдеудің тезисті аргументтерінде және дәлелдеудің формасында кездеседі. Тезис логикалық тұрғыдан айқын, анық және дәл тұжырымдалған пікір болуы тиіс. Тезис бойынша дәлелдеу процесінде шығатын қателер.

а) «Тезисті ауыстыру». Дәлелденуге тиіс пікірден басқа пікір дәлелденетін болса, онда “тезисті ауыстырушылық” деп аталады. Мысалы: егер бір нәрсенің мораль жөнінен алғанда әділсіздік екенін дәлелдеу қажет болса, ол біреу мұның заң жөнінен алғанда әділетсіздік екенін дәлелдесе, онда тезисті ауыстырушылық болып табылады. Бұл жерде логиканың “тептеңдік” заңының бұзылғандығы.

б) «Адам жөніндегі аргумент». Бұл – белгілі бір тезистің жалғандығын немесе ақиқаттығын дәлелдеудің орнына сол ой пікір айтқан адамның өз

басын қарастырып кетудің салдарынан болатын қате. Немесе бұл түр “адамның жеке басына жармасу” деп аталады. Мысалы: Қылмысты жасады деп күманданатын адамды адамды сот алдына оның қылмысты немесе қылмысты емес негізгі фактілермен, аргументтермен дәлелдеудің орнына сәйкес екенін және қандай адам екенін мақтап не жамандап кетеді.

в) «Басқа түрге өту». Мысалы, егер бз зебраның алалар деп дәлелдей бастасақ, онда біз ешнәрсе дәлелдей алмаймыз, себебі жолбарыс та алалар.

Аргументтердің жалпы ережелері:

а) Тезисті қуаттау үшін келтірілген аргументтер күмәнсіз ақиқат болу қажет.

б) Аргументтер ақиқаттығы жағынан тезистен тәуелсіз өз алдына дәлелденетін пікірлер болуы тиіс.

в) Аргументтер бір-біріне қайшы келмеуі керек.

г) Аргументтер тезис үшін жеткілікті негіз болуы қажет.

Осы көрсетілген ережелердің біреуі бұзылса, онда аргументте кететін қателер деп есептеледі.

Дәлелдеуде аргументтер шығатын қателер.

1. «Негізінен адасу» – ол жалған аргументті ақиқат деп шатасудан туады. Бұл жағдайда жоқ факті дәлел ретінде келтірілу мүмкін, болмаған уақиғаны болды деп дәлелдеу немесе дүниеде жоқ куәлар т.б. келтірілуі мүмкін.

Мысалы: Коперниктен бұрын астрономия туралы пікірлердің негізгі қатесі: Күн мен жұлдыздар Жерді шыр айналып жүреді деген аргумент еді.

2. Дәлелді алдын-ала анықтау. Алдын-ала дәріптеудің қатесі мынада: қандай да болса бір қағиданы дәлелдеу үшін біз дәлелдеуге негіз етіп дәлелденуге тиіс қағиданы ақиқат деп жорамалдайтын қағиданы алғанда болады. Басқаша айтқанда, тезистің дәлелденбеген аргументке негізделуі, сондықтан аргумент тезисті дәлелдеп жатпайды, ол тек болжайды.

3. Ерте заманнан келе жатқан “қырсық шеңбер” деп аталатын логикалық қате жатады. “Немесе айнымалы анықтау” деп те атайды. Мысалы, Қылмыскер деп қылмыс жасаған адамды айтады – деген қате дәлел.

«Апиын неге ұйықтатады» деген тезисті мынандай дұрыс емес аргументпен дәлелдеу: «Апиынның ұйықтату себебі – оның ұйықтату күші барлығында» деп жауап қайыртады.

Бұндай қатені «Тұйыққа тіреу» деп те атайды. Тезис аргументті дәлелдейді, ал аргумент тезисті дәлелдейді.

4. Аргументтерде бірін-бірі жоққа шығарып дәлелденетін қателер кездеседі. Мысалы, куәгерлер мен жазалатушылардың бір-біріне қайшы жауаптары эксперттің қорытындысындағы фактілермен үйлеспей жатады және т.с.с. жағдайлар кездеседі.

Аргументтерге байланысты тағы да қателер бар. Мысалы:

1. Беделге сыйыну аргументі.

2. Сыпайылыққа сүйену аргументі.

3. Аяушылық білдіру аргументі.

4. Қара күшке (күш көрсету) сүйену аргументі.

5. Дайғойлыққа (мансапқорлыққа) сүйену аргументі.

6. Білімсіздікті пайдалану аргументі.

Негізгі әдебиет: 2, 3, 4.

Қосымша әдебиет: 12, 13, 15.

Дәріс тақырыбы 7. Гипотеза

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары

1. Гипотеза ұғымы.
2. Гипотеза түрлері.
3. Гипотезаларды тексеру және дәлелдеу тәсілдері.

Дәріс тезистері:

Қандай бір заттың, құбылыстың білім ғылым арқылы танитын болсақ, оларды тұрақты, елеулі белгілерінің қатынастары арқылы заң ретінде немесе теория ретінде құрастырамыз. Ондай теорияла әмбебапты болулары керек.

Ғылыми білімнің диалектикалық заңға бағына отырып тікелей сезім арқылы қабылдауға болатын формалары мен сезімнен тыс жасырын заңдардан тұратынын аңғарамыз. Егерде форма мен негізі бірдей бізге сезіміміз арқылы көруге болатын болсақ, онда ешқандай ғылымның қажеті болмаған болар еді. Осы жерде ғылыми білімнің логикалық әдістемесі бізге керек болады. Ғылыми білімнің тану процессінің алға қойған мақсаты әрбір текселіну объектісінің негізгі заңдық байланыстарын ашу

Ғылыми заң деп әрбір қарастырып отырған объектіні «идеализациялау». Оның негізгі, тұрақты, қайта қайталанатын заңдық байланыстарын абстракциялау, квантификациялау. Осындай операциялардан соң, заңдық қатынастарын бірер системаға келтіріп ғылыми теория жасау.

Ғылыми теорияның ақиқаттық деңгейіне байланысты аксиома және гипотеза болып екіге бөлінеді. Аксиома – белгілі теорияда дәлелденбейтін тұрғыда алынатын және одан теорияның барлық басқа сөйлемдерін ондағы тұжырымдау ережелері бойынша қорытып шығарылатын тұжырымы. Ал, гипотеза болса, ой қорыту жүйесі, сол арқылы бірқатар фактілері негізінде объектінің байланыстық немесе құбылыс себептерінің болуы туралы тұжырым жасалады, алайда бұл тұжырымды әбден анықталған деп санауға болмайды. Осы тұжырым мазмұнында гипотеза деп атайды. Гипотеза ғылыми тану формасының ең бір негізгі бөлігі болып қарастырылады, себебі ол да ойлайды.

Гипотеза – кейбір долбар, жорамал, болжам. Логикалық тұрғыдан әлі дәлелденбеген және ақиқат теория деп санау үшін тәжірибемен онша расталмаған жорамал, ықтимал білім ретінде гипотеза ақиқат та емес, жалған да емес. Ол ақиқат пен жалғанның арасында, айқын емес деуге болады.

Гипотеза – ғылыми негізделген жоба, табиғат, қоғам және ой өрісінің себептілік немесе заңды байланыстарының құбылыстарын көрсету. Ғылыми

негізделген гипотезадан ғылыми фантастиканы айыра білу керек. Ондай гипотеза “бос жорамал” дейді.

Гипотеза – жаратылыстану, қоғамдық және техникалық ғылымдардың дамуының формасы деуге болады. Гипотеза ой формасының түрі емес, ол – ұғым, сікір немесе ой қорытындысы деген түрлері де өзінің құрамына ендіреді.

Гипотеза түрлері. Ғылыми гипотеза жалпылық дәрежесіне қарай жалпы, дара және жеке болып бөлінеді. Жалпы гипотеза дегеніміз табиғат, қоғам өмірінің және адамдардың психологиясының жалпы заңдары мен заңдылықтарының себептерін ғылым негізінде жорамалдау. Жалпы гипотеза сипатталатын барлық класс құбылыстарының, қандай жерде, қандай уақытта болмасын олардың ерекшелігінің байланыстарын көрсетеді.

Дара гипотеза ғылыми негізделген гипотеза, белгілі және оның осы класта алатын орнын көрсетеді. Дара гипотеза бір түрдің жалпыдан шығу себептерін, оның ерекшеліктерін көрсетеді. Мысалы, бір вирустың түрін басқа вирустардан бөліп алып зерттеу жұмысы.

Жеке гипотеза да ғылыми негізделген гипотеза жеке фактілердің шығуын, оның заңдылық себептерін көрсету. Мысалы, дәрігер жеке адамға жеке гипотеза диагноз қояды, сонымен қатар сол ауруға ғана тән дәрінің мөлшерін дозировкасы береді.

Жалпы, дара, жеке дәлелдеуде адамдар «жұмыс гипотеза жасайды», осы арқылы жоспар құрып бастапқы жұмысқа кіріседі. «Жұмыс гипотеза» – жүйе құруға жәрдем береді, бақылау жұмыстарына негізгі бағыт береді. Мысалы, сот тергеу жұмыстарында қолданатын гипотеза жұмыс тұспал (версия) деп аталады. Тұспалдың бірнеше түрі болады. Жалпы тұспал – барлық қылмыстардың түрлерін көрсетеді, дара қылмыстардың бір бөлігін немесе жеке қылмыстардың бір жеке фактілерін көрсетеді: кім қылмыс жасады, кім оны басқарды т.б.

Гипотеза жасау, құру және оны дәлелдеу процесінде біз индукциялық (әсіресе ұқсату) және дедукциялық әдістерді кеңінен қолданамыз.

Гипотеза ғылымдардың дамуына аса зор маңызын тигізеді. Себебі қандай ғылымның болмасын жоспарларын гипотеза деп қарауға болады. Ғылыми жаңалықтар ашу жолында гипотезасыз жоспар жоқ. Кейде бір жаңалық ашу жолында бірнеше гипотеза жасауға тура келеді, сондықтан біз олардың қайсысын дұрыс жорамал деп танитынымызды білмейміз. Ол үшін біз гипотезаның біреуіне сәйкес келіп, екіншісіне қайшы келктін факті табамыз. Осындай фактіні табу гипотезалық эксперимент деп аталады.

Гипотеза әдісі жаратылыстану ғылымдарында да, қоғам тану ғылымдарында да (тарихта, мәдениет тарихында, тілтану ғылымында және әдебиет тарихында) қолданылады. Гипотеза сот істерін қарағанда да қолданылады.

Гипотезаның дұрыстығын дәлелдеу тәсілдері:

1. Гипотезаның дұрыстығын дәлелдеудің ең жақсы әдісі – сол зерттеу процесінде іздеген объектіні табу (байқау) немесе сол объектінің қасиетін, құбылуын көрсету.

2. Гипотезаның дұрыстығын дәлелдеуде қолданылатын негізгі әдістің бірі – салдар шығару және оларды верификациялау (дәлелдеу, сендіру ...).

Верификациялауда екі әр түрлі тәжірибелер атқарады (космоста, ауыл шаруашылығында, әр түрлі дәрі дәрмек т.б.).

3. Гипотезаны дәлелдеудің қосымша бір әдісі – күманданған жорамалдың бәрін жоққа шығару, соның ішінде ең болмаса бір жорамал дұрыс болып шығады. Мысалы: А құбылысын немесе В, немесе С, немесе Д бойынша шығып тұр. А құбылысын В-да С-да құбылысы шығарып тұрған жоқ. Солай болған соң А құбылысын Д құбылысы шығарып тұр.

Гипотеза бекерге шығарудың бір жолы – салдарды бекерге шығару. Бұл арқылы біз бірнеше немесе барлық салдардың гипотезаға ешқандай қатысы жоқтығын дәлелдейміз. Бекерге шығару гипотезаны шартты категориялық ой қорытындысының болымсыз модус формула арқылы көрсетуге болады.

$((a \rightarrow b) \wedge \sim b) \rightarrow a$. Бұл модус әрқашанда дұрыс қорытынды береді.

Бұның схемасы:

Егер Н гипотезаның себепті орнына жүретін болса, онда салдар С1, және С2 және С3... және Сn болады.

С1 немесе С2 немесе С3... немесе Сn салдары жоқ. Сол себептен Н салдардың орнына жүрмейді, ол гипотезаға жатпайды.

Негізгі әдебиет: 3, 4, 5, 6.

Қосымша әдебиет: 9, 10, 11, 12, 15.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫ

Семинар сабақтарын жүргізудің негізгі формаларының бірі – ауызша сұрау формасындағы дискурсивті практикум болып табылады. Бұл форманың барысында мәселелік-іздеу әдісі, дәлелдемелік концептуальды әдісі, баяндама, хабарландыру және реферативтік шолу формасында теориялық ұстанымдарын қорғау болып табылады.

Әдістемелік ұсынымдар:

1. Алдын ала пән бойынша дәріс жоспарымен, материалдың мазмұнымен және пән бойынша оқу әдістемелік кешенмен танысып шығыңыз.
2. Барлық семинар сұрақтарын терең игеріңіз және барлық сұрақтардың ішінде бір сұрақты алып, қосымша көздерді пайдаланып терең зерттеңіз.
3. Өзіңізге қызықты тақырып бойынша шығармашылық баяндама дайындау жөнінде оқытушыға ұсыныспен шығыңыз.
4. Сабаққа дайындалу барысында интернет ресурстарын пайдаланыңыз. Бірақ, интернет көздерінен дайын рефераттар мен бақылау жұмыстарын жүктемеңіз. Өйткені, оқытушы мәліметтеріңіздің ұқсастығын дәл анықтайды.
5. Пәнді игеру барысында, өзіңізге жаңа терминдердің сөздігін толықтырыңыз.
6. Рефераттар дайындау барысында ойларыңыздың дұрыс дәлелдігіне сүйеніп рефератты дұрыс рәсімдеуге көңіл аударыңыз.
7. Логикалық әдістемелік тәсілдердің алуантүрлігіне, кейде қарама-қарсы керағар басқа тұжырымдарға қарамастан өз ұстанымыңызды логикалық дәлелдеуге көңіл аударыңыз.
8. Сабаққа қатысу мен дайындалу барысында талдау, сараптау және синтездеу әдісін, салыстыру, абстракциялау, дедукция және индукция, интроспекция және ретроспекция әдістерін қолдану қажет.
9. Сабаққа дайындалу барысында оқу әдебиеттерін және анықтамаларды пайдаланыңыз.
10. Материалды толық ашып жеткізуде анықтық, логикалық негіздемесіне көңіл аударыңыз.

2.1-Тақырып. Ұғым

Семинар 1 сағат

Семинар сабағының жоспары

Сұрақтар:

1. Ұғымға жалпы сипаттама.
2. Ұғымның мазмұны мен көлемі.
3. Ұғым түрлері.

Тапсырмалары: Ұғымның барлық түрлерінің анықтамасын жаттау. Ұғымдар арасындағы қатынасқа мысалдар келтіру. «Ұғым түрлері» сызбасын құру.

Негізгі әдебиет: 3, 4.
Қосымша әдебиет: 8, 10.

2.3-Тақырып. Ұғымдар арасындағы қатынас

Семинар 1 сағат

Семинар сабағының жоспары

Сұрақтар:

1. Салыстырмалы және салыстырғысыз ұғымдар.
2. Сыйыспалы ұғымдар.
3. Сыйыспайтын ұғымдар.

Тапсырмалары: Салыстырмалы және салыстырғысыз ұғымдарға мысалдар келтіру.

Негізгі әдебиет: 2, 3, 4.
Қосымша әдебиет: 7, 9, 13.

3.1-Тақырып. Пікір

Семинар 1 сағат

Семинар сабағының жоспары

Сұрақтар:

1. Пікірге жалпы сипаттама.
2. Қарапайым пікір, олардың түрлері мен құрамы.
3. Күрделі пікір.

Тапсырмалары: Пікірдің құрылымын және оның түрлерін жаттау. «Қарапайым пікіргедегі терминдердің орналасуына» кесте сызу. «Пікір түрлеріне» сызба жасау. Күрделі пікірдің барлық түрлеріне мысалдар келтіру.

Негізгі әдебиет: 4, 5, 8
Қосымша әдебиет: 13, 15, 16.

4.1-Тақырып. Ойлаудың негізгі заңдары.

Семинар 1 сағат

Семинар сабағының жоспары

Сұрақтар:

1. Заңдарға жалпы сипаттама.
2. Дұрыс ойлау заңдары.

Тапсырмалары: Ойлаудың негізгі заңдарының мазмұнын қарастыру. Логиканың негізгі заңдарының бұзылуына байланысты мысалдар келтіру.

Негізгі әдебиет: 3, 4, 5.
Қосымша әдебиет: 9, 10, 14.

4.3-Тақырып. Үшіншісі жоқ заңы және жеткілікті негіз заңы

Семинар 1 сағат

Семинар сабағының жоспары

Сұрақтар:

1. Үшіншісі жоқ заңы.
2. Жеткілікті негіз заңы.

Тапсырмалары: Үшіншісі жоқ заңының мәнін ашу.

Негізгі әдебиет: 2, 3,4, 5.

Қосымша әдебиет: 9, 10, 11, 15.

5.2-Тақырып. Дедукция

Семинар 1 сағат

Семинар сабағының жоспары

Сұрақтар:

1. Жай кесімді силлогизм.
2. Қысқартылған силлогизм.
3. Күрделі силлогизм.

Тапсырмалары: Силлогизм түрлерін терең қарастыру.

Негізгі әдебиет: 2, 3,4, 5, 6.

Қосымша әдебиет: 9, 10, 11, 15. 9, 10, 11, 15, 19, 20, 21, 27.

5.3-Тақырып. Индукция

Семинар 1 сағат

Семинар сабағының жоспары

Сұрақтар:

1. Индукциялық ойқорытындыға жалпы сипаттама.
2. Толымды және толымсыз индукция.
3. Ғылыми индукцияның әдістері.

Тапсырмалары: Индукциялық ойқорытындыға сипаттама беру.

Негізгі әдебиет: 2, 3,4, 5, 6.

Қосымша әдебиет: 9, 10, 11, 15.

5.4-Тақырып. Аналогия

Семинар 1 сағат

Семинар сабағының жоспары

Сұрақтар:

1. Аналогияның жалпы сипаттамасы.
2. Аналогия және оның түрлері.

Тапсырмалары: Аналогияға жалпы сипаттама беру. Оның түрлеріне тоқталу.

Негізгі әдебиет: 2, 4, 6.

Қосымша әдебиет: 10, 11, 14.

ОҚЫТУШЫНЫҢ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН КУРСАНТТАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫ

Оқытушының жетекшілігімен курсанттың өзіндік жұмыстары сабақтарын жүргізудің негізгі формаларының бірі – ауызша сұрау формасындағы дискурсивті практикум болып табылады. Бұл форманың барысында мәселелік-іздеу әдісі, дәлелдемелік концептуальды әдісі, баяндама, хабарландыру және реферативтік шолу формасында теориялық ұстанымдарын қорғау болып табылады.

Курсты оқыту процесінде курсанттарға қойылатын негізгі талаптар, оқытылып жатқан курстың мақсаттары мен міндеттеріне байланысты қойылады. Ол үшін, яғни оқытушымен бірлесіп жұмыс жүргізуге белсенді түрде қатысу үшін курсант пәнді оқуға қызығушылық танытуы керек және топтың оқып-үйренуіне көмек көрсетіп, бірлесіп оқытудың субъектісі ретінде көрініп, белсенділік пен жауапкершілік танытуы керек.

Тапсырмалардың барлығы белгіленген мерзім ішінде орындалуы керек. Курсант сабаққа дайындықпен келуі қажет, оқытушының қойған міндеттерін ұғынуға дайын болып, оны шешуге шығармашылық тұрғыдан қарау керек.

Әдістемелік ұсынымда КООЖ сабағына:

1. Алдын ала пән бойынша дәріс жоспарымен, материалдың мазмұнымен және пән бойынша оқу әдістемелік кешенмен танысып шығыңыз.

2. Барлық семинар сұрақтарын терең игеріңіз және барлық сұрақтардың ішінде бір сұрақты алып, қосымша көздерді пайдаланып терең зерттеңіз.

3. Өзіңізге қызықты тақырып бойынша шығармашылық баяндама дайындау жөнінде оқытушыға ұсыныспен шығыңыз.

4. Сабаққа дайындалу барысында интернет ресурстарын пайдаланыңыз. Бірақ, интернет көздерінен дайын рефераттар мен бақылау жұмыстарын жүктемеңіз. Өйткені, оқытушы мәліметтеріңіздің ұқсастығын дәл анықтайды.

5. Пәнді игеру барысында, өзіңізге жаңа терминдердің сөздігін толықтырыңыз.

6. Рефераттар дайындау барысында ойларыңыздың дұрыс дәлелдігіне сүйеніп рефератты дұрыс рәсімдеуге көңіл аударыңыз.

7. Логикалық-әдістемелік тәсілдердің алуантүрлігіне, кейде қарама-қарсы кереғар басқа тұжырымдарға қарамастан өз ұстанымыңызды логикалық дәлелдеуге көңіл аударыңыз.

8. Сабаққа қатысу мен дайындалу барысында талдау, сараптау және синтездеу әдісін, салыстыру, абстракциялау, дедукция және индукция, интроспекция және ретроспекция әдістерін қолдану қажет.

9. Сабаққа дайындалу барысында оқу әдебиеттерін және анықтамаларды пайдаланыңыз.

10. Материалды толық ашып жеткізуде анықтық, логикалық негіздемесіне көңіл аударыңыз.

1-Тақырып.

Логика ойлаудың заңдары мен формасы туралы ғылым ретінде

КОӨЖ 1 сағат

Тапсырмалары:

1. Логика пәні. Логиканың ғылым ретіндегі ерекшелігі.
2. Ойлау логиканың объектісі ретінде. Ойлау және тіл.
3. Ойлау формасы туралы түсінік.
4. Ойлаудың заңдары, оймен байланысы. Ойлаудың ақиқаты мен дұрыстығы.

КОӨЖ өткізу формасы: жазбаша жұмыс.

Негізгі әдебиет: 2, 3, 4.

Қосымша әдебиет: 9, 10.

2-Тақырып. Ұғым

КОӨЖ 1 сағат

Тапсырмалары:

1. Ойлау мен тілінің арасындағы өзара байланыстық сипаттын анықтау.
2. Жалпылау және шектеу ұғымының мәнін түсіндіру.
3. Көлем мен мазмұн арасындағы қатынас заңының анықтамасын беру.

КОӨЖ өткізу формасы: жазбаша жұмыс.

Негізгі әдебиет: 5, 6, 8.

Қосымша әдебиет: 9, 10, 11.

3-Тақырып. Ұғымдар арасындағы логикалық қатынастар

КОӨЖ 1 сағат

Тапсырмалары:

1. Ұғымдарды шектеу және жалпылау.
2. Ұғымның мәні.
3. Ұғымды бөлу.

КОӨЖ өткізу формасы: тапсырманы шешу.

Негізгі әдебиет: 5, 7, 9.

Қосымша әдебиет: 10, 11, 15.

4-Тақырып. Ұғымдар арасындағы қатынастар

КОӨЖ 1 сағат

Тапсырмалары:

1. Салыстырмалы және салыстырғысыз ұғымдар.
2. Сыйыспалы ұғымдар.
3. Сыйыспайтын ұғымдар.

КОӨЖ өткізу формасы: жазбаша жұмыс.

Негізгі әдебиет: 2, 4, 6.

Қосымша әдебиет: 11, 12, 14.

5-Тақырып. Пікір

КОӨЖ 1 сағат

Тапсырмалары:

Мынандай нәрселерге ұсыным жасау:

1. Қарапайым пікір түрлері бойынша сипаттамасы
2. Пікірдің сапа мен сана бойынша бөлінуі.
3. Қарапайым пікірдің терминдерінің бөлінуі. Бөлінуіне байланысты кесте құру.
4. Күрделі пікір және оның түрлері.

КОӨЖ өткізу формасы: тапсырманы шешу.

Негізгі әдебиет: 4, 5, 7.

Қосымша әдебиет: 9, 10, 13.

6-Тақырып. Күрделі пікір

КОӨЖ 1 сағат

Тапсырмалары:

1. Күрделі пікірге сипаттама.
2. Күрделі пікірдің түрлері.
3. Пікірлер арасындағы логикалық қатынастар.

КОӨЖ өткізу формасы: тапсырманы шешу.

